

ТАҚЫРЫП 10. АКАДЕМИЯЛЫҚ БҰЛТ ҚЫЗМЕТІ

Жоспар:

10.1 Microsoft Azure туралы.

10.2 Microsoft Azure (Microsoft Azure Academic Pass) академиялық рұқсаты.

Жұмыстың мақсаты:

- Microsoft Azure-мен танысу;
- Microsoft Azure Academic Pass -пен жұмыс жасау мүмкіндіктері.

Кілттік сөздер: білімге арналған Microsoft Azure, Академиялық рұқсат.

Әдебиеттер:

<http://azure.microsoft.com/ru-ru/>

Жұмысты жасау үшін аппараттық-программалық қамтама: виртуалдауды қолдайтын компьютер, Microsoft Windows Server 2008 R2 (біздің жағдайда), Интернет.

10.1 Microsoft Azure туралы

Microsoft Azure - бұлттық есептеу платформасы, есептеу, желі жұмыстары, деректер қорымен жұмыс, деректерді сақтау, web-технология, мобильді шешімдер, және деректерді талдау үшін жиі қолданылады.

Azure көмегімен кез-келген қиындықтағы жобаларды іске асыруға болады.

Azure клиенттерінің жобаларының іске асуы жөнінде мысал ретінде Олимпиядалық ойындар трансляциясын, желілік көпқолданушылық ойындарын әзірлеу мен іске асыру және т.б. атауға болады.

Microsoft Azure платформасының кейбір мүмкіндіктерін қарастырайық.

Өнімділік. Өнімділік басқарылатын қызмет, интегралданған құрылғы, енгізілген шаблондарды қолдану арқылы жетіледі.

Ашықтық және икемділік. Azure-де платформалардың, операциялық жүйелердің, танымал программалау тілдерінің, деректер қоры мен басқада құрылғылар мен жабдықтардың орасан таңдауы бар.

Мысалы, JavaScript, Python, .NET, PHP, Java, Node.js қосымшаларын жасау; Linux және Docker қолдану; Windows, iOS және Android басқаратын құрылғы үшін серверлік шешімдер әзірлеу.

Деректер қауіпсіздігі: Microsoft корпорациясы алғашқы болып ISO 27018 бұлттық деректер құпиялылығының жаңа халықаралық стандартын қабылдады.

Сондай-ақ келесі қызметтер ұсынылады:

- сақтау, көшіру және бұлттағы деректерді қалпына келтіру;
- кодтау, аудио және видеоақпараттарды ағындық жіберу;
- актуалды кросс-платформалық мобильді және веб-қосымшаларды құру және іске асыру;
- кең ауқымды есептеу тапсырмаларын талдауды кезегімен орындау;
- Azure көмегімен ұжымдық қосымшаны іске қосу [1].


10.2 Microsoft Azure-ге академиялық рұқсат (Microsoft Azure Academic Pass)

Кез-келген оқытушы немесе білім алушы бірнеше уақыт кезеңінде білім алу мақсатында Microsoft Azure қызметтерін тегін қолдану мүмкіндігіне ие.

Ескере кететін жай, тіркелуге тек телефон нөмірі емес, кредиттік карта деректердің қажет етеді (бұл жерде ары қарайғы өз әрекетіңізді ойластыруыңыз қажет, себебі Microsoft өз қызметі үшін ақы сұрайды).

Осы жұмыста біз академиялық рұқсат үшін Microsoft Azure - де тіркелудің кейбір кезеңдерін қарастырамыз, яғни Microsoft Azure Academic Pass арқылы.

Алдымен <http://azure.microsoft.com/ru-ru/> сайт адресіне кіреміз. Алдыңызға Microsoft Azure Academic Pass алғашқы тіркелу терезесі пайда болады. Жоғарғы оң жақ бұрыштағы *Тегін уақытша қолдану* батырмасын басқаннан кейін, *Бір ай тегін танымтық кезеңі* терезесі пайда болады.




Осы терезеде қолданушылардың осы жүйе бойынша жиі қойылатын сұрақтарын көру мүмкіндігі бар, сондай-ақ көрсетілген телефон нөмірі бойынша сәйкес қызмет берушіге қосымша қызықтырған сұрақтарыңыз бойынша қоңырау шалсаңыз болады.


Сонымен қатар бұл жерде Azure-нің негізгі қызметтері көрсетілген:

- виртуалды машиналар;
- SQL деректер қоры;
- web-сайттар;
- Hadoop;
- мобильді Push-хабарлама;
- мультимедиа ағымдық жіберуі және т.б. (глоссарийді қараңыз).


Осы терезеде *Қазір жасап көріңіз* батырмасын басқаннан кейін, *Microsoft Azure-ге жазылыңыз* терезесі шығады.



Тіркеу жазбасын құру үшін *Тіркелу батырмасын* басу қажет. *Тіркеу жазбасын құру* формасы пайда болады.



Осы форманы толтырғаннан кейін, сіз көрсеткен электрондық поштаға *Электронды пошта адресін тексеру* хабарламасы келеді.



Осыдан кейін телефонға тіркеуді ары қарай жалғастыру үшін код көрсетілген хабарлама келеді. Тіркелу үшін 4 қадам ұсынылады, 3-ші қадамда кредиттік карта деректерін қажет етеді. Ары қарайғы тіркелу қадамы қолданушының еркіне ұсынылады.

Бақылау сұрақтары

1. Microsoft Azure түсінігі нені білдіреді?
2. Microsoft Azure Academic Pass не ұсынады?
3. Microsoft Azure ұсынатын мүмкіндіктерді атаңыз.
4. Nadoor дегеніміз не?
5. Виртуальная машина дегеніміз не?
6. «Мобильные Push-хабарлама» түсінігі?
7. Мультимедианы ағындық жіберу мен ағынсыз жіберу айырмашылығы?